

Облысқа сіңірген айрықша еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күші жойған

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихатының XV сессиясының шешімі 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 178-II. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 8 ақпанда N 770 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 16-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 25.01.2012 № 16-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148 Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне II сайланған облыстық Мәслихаттың XV сессиясы шешім етті:

1. Облысқа сіңірген айрықша еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға 2000 теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Әлеуметтік көмек облысқа сіңірген айрықша еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтардың табысына байланыссыз 2002 жылдың қаңтар айынан бастап ай сайын төленеді.

3. Облыс әкімі:

1) 2002 жылға арналған облыс бюджетінде облысқа сіңірген айрықша еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға әлеуметтік көмек төлеуге қаражат қарастырсын;

2) облысқа сіңірген айрықша еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу тәртібін жасап бекітсін.

Облыстық Мәслихат XV

сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихаттың хатшысы